



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

«26» 05 2023 жылы №43

Астана қаласы

**«Арнайы білім беру ұйымының
үздік педагогі» қалалық
педагогикалық шеберлік байқауының
қорытындысы туралы**

«Арнайы білім беру ұйымының үздік педагогі» қалалық педагогикалық шеберлік байқауының (бұдан әрі – Байқау) қорытындысы бойынша Қазылар алқасы отырысының (25.05.2023 ж. №3 хаттама) шешімі негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Байқау Ережесіне сай номинациялар бойынша ең жоғарғы ұпай жинаған қатысушылар диплом және бағалы сыйлықтармен марапатталсын:

1) «Арнайы мектептің үздік педагогі (мұғалімі)» номинациясы бойынша жеңімпаз - Смагулова Жанагуль Жанайдаровна, №2 Арнайы мектеп арнайы педагогі;

2) «Арнайы балабақшаның үздік педагогы (тәрбиешісі)» номинациясы бойынша жеңімпаз - Кайнарбаева Гулжазира Джолдасбековна, №5 «Ақбота» балабақшасының тәрбиешісі;

3) «Арнайы мектеп оқушыларын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің үздік педагогі» номинациясы бойынша жеңімпаз – Имамбаева Марина Алиевна, №1 Арнайы мектеп-интернатының арнайы педагогі;

4) Арнайы номинация: «Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізген ең үздің жеке сабақ» - Мауенова Молдир Макимовна, №65 мектеп-гимназиясының арнайы педагогі.

2. Байқау номинациялары бойынша (арнайы номинациядан басқа) жеңімпаздар «Арнайы білім беру ұйымының үздік педагогі» республикалық педагогикалық шеберлік байқауының II (межелік) кезеңіне жіберілсін және байқауға дайындалу барысында Әдістемелік орталықтың арнайы және инклюзивті білім беру бөлім әдіскерлері тарапынан әдістемелік көмек көрсетілсін.

3. Есеп бөлімі байқау жеңімпаздарына сыйлықтардың уақытылы бөлінуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшының орынбасары А. Мухамеджановаға жүктелсін.

Басшы



С. Дауешова